

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 20 мамыр N 592. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.09.11. N 993 қаулысымен. ~P020993

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 6 U990006_

Жарлығына

сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі туралы ереже;

2)

<*>

3)

<*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақша күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2000.07.10.

N 1039 қаулысымен.

P001039_

2.

<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.09. N 1353

қаулысымен.

P991353_

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 2) тармақшасының және 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.11.03. N 1645 қаулысымен.

P991645_

3. Мынадай лимит белгіленсін:

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің штат саны
272 адам;
<*>

<*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың 3 абзацының күші жойылды - ҚР Үкіметінің
1999.09.03. N 1301 қаулысымен.
P991301_

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың 2 абзацы өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.08.
N 1878 қаулысымен.
P991878_

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.06. N 683
қаулысымен.
P000683_

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.17. N 58
қаулысымен.
P010058_

4. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 20 мамырдағы
N 592 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Кеңсесі туралы
Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі (бұдан әрі - Премьер-Министрінің Кеңсесі) мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді және бақылау функцияларын орындауға уәкілеттік берілген мемлекеттік орган болып табылады.

2. Премьер-Министрдің Кеңсесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Премьер-Министрдің Кеңсесі заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Премьер-Министрдің Кеңсесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан кіреді.

Егер Премьер-Министрдің Кеңсесіне заңдарға сәйкес уәкілеттік берілсе, онда ол азаматтық-құқықтық қатынастарға мемлекет атынан кіруге құқылы.

4. Премьер-Министрдің Кеңсесі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша

заңдарда белгіленген тәртіппен бұйрықтар шығарады.

5. Премьер-Министр Кеңсесінің құрылымы мен шекті штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Премьер-Министр Кеңсесінің заңды мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11.

7. Республикалық мемлекеттік органның толық атауы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі.

8. Премьер-Министр Кеңсесінің құрылтайшысы мемлекет болып табылады.

Премьер-Министрдің Кеңсесі туралы ереже оның құрылтай құжаты болып табылады.

9. Премьер-Министр Кеңсесінің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен ғана жүзеге асырылады.

Егер Премьер-Министрдің Кеңсесіне заң актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне аударылады.

2. Премьер-Министр Кеңсесінің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Премьер-Министрдің Кеңсесі заңдарға сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Премьер-Министр мен Үкіметті ақпараттық-талдамалық, құқықтық, ұйымдастырушылық, хаттамалық консультативтік, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі Регламентінің сақталуын қамтамасыз ету өз құзыретінің шегінде; <*>

3) Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Премьер-Министрінің мүдделерін соттарда білдіру және қорғау, прокурорлық жауап беру актілерін қарау, сондай-ақ мемлекеттік органдар дайындаған, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынылатын талап-арыздық өтініштер мен қарсылықтарға пікірлердің жобаларына сараптама жүргізу; <*>

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс қағаздарын жүргізу және хат-хабарларды өңдеу;

5) мемлекеттік тілде іс жүргізуді кезең-кезеңмен енгізу;

6) Үкімет мүшелерінің, агенттіктер басшыларының және акционерлік қоғамдар (ұлттық компаниялар) басшыларының кезекті тоқсанға дейін кемінде 15 күн бұрын енгізілген ұсыныстары бойынша Үкімет мәжілістерінде қарауға арналған мәселелердің тоқсан сайынғы тізбесін әзірлеуді ұйымдастыру; <*>

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілістерінде күн тәртібін жасау, материалдар әзірлеу, Қазақстан Республикасының Үкіметі мәжілістерінің материалдарын, хаттамаларын ресімдеу және жөнелту;

7-1) Премьер-Министрде, оның орынбасарларында, Премьер-Министр Кеңсесінің басшылығында кеңестер өткізуді ұйымдастыру кеңестердің материалдарын, хаттамаларын ресімдеу және жөнелту; <*>

8) Қаржы, Әділет министрліктерінің және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың тиісті қорытындыларын ескере отырып қаржы-экономикалық және құқықтық сараптама жүргізу, Қазақстан Республикасының Үкіметі енгізетін заңдар мен Қазақстан Республикасының Президенті актілерінің жобалары бойынша, сондай-ақ Үкімет, Премьер-Министр, оның орынбасарлары және Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы қабылдайтын шешімдер бойынша қорытындылар мен анықтамалар дайындау; <*>

9) Премьер-Министрдің, оның орынбасарларының, Премьер-Министрдің Кеңесі Басшысының тапсырмасы бойынша Үкіметтің қаулылары мен Премьер-Министр өкімдерінің жобаларын дайындау; <*>

10) Үкіметтің қаулылары мен Премьер-Министрдің өкімдерін шығару, оларды жөнелту және сақтау; <*>

11) сараптама жасау барысында келіспеушілік туындаған және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентіне сәйкес оларды жою жөнінде тапсырма берілген жағдайларда Үкімет қаулыларының жобаларын пысықтау;

11-1) Үкімет пен Премьер-Министр шешімдерінің жобаларын жедел пысықтау және қол қоюға дайындау мақсатында оларға мемлекеттік органдардың вице-министрден (агенттіктер төрағаларының орынбасарларынан) төмен емес қызмет атқаратын лауазымды тұлғаларын шақыру арқылы Премьер-Министрдің орынбасарларында, Премьер-Министр Кеңесінің Басшысында хаттамалық кеңестер өткізуді ұйымдастыру. <*>

12) Мемлекет басшысының актілері мен тапсырмаларының, Үкімет актілерінің, Премьер-Министр мен оның орынбасарлары тапсырмаларының, Үкімет мәжілістерінің хаттамалық шешімдерінің атқарылуына бақылау жасау, аталған мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін хабардар ету;

13) мемлекеттік органдардың Үкіметтің тиісті жылға арналған Іс-қимыл бағдарламасы бойынша іс-шаралардың және Заң жобалары жұмысы жоспарының орындалуы жөніндегі қызметін үйлестіру және Премьер-Министрді ол туралы хабардар ету;

13-1) Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасының орындалу барысы туралы Үкіметтің Қазақстан Республикасының Президентіне тоқсан сайынғы баяндамасын дайындауға қатысу. <*>

14) Мемлекет басшысы актілері мен тапсырмаларының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Президентіне және оның Әкімшілігіне ақпарат дайындауды ұйымдастыру; <*>

15) Премьер-Министрдің және оның орынбасарларының, Премьер-Министрдің Кеңесі Басшысының тапсырмасы бойынша заңдар, Үкіметтің қаулылары және Премьер-Министрдің өкімдері жобаларының тиісті мемлекеттік органдарда келісілуінің мерзімдеріне бақылау жасауды жүзеге асыру; <*>

16) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Премьер-Министрдің Парламентпен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

16-1) Премьер-Министрдің немесе оның орынбасарларының тапсырмасы бойынша Үкіметтің Қазақстан Республикасының Парламентінде қаралатын мәселелер бойынша ресми позициясын Парламент депутаттарының назарына

жеткізу. <*>

17) Премьер-Министрді Үкімет мүшелерінің атына түскен депутаттық

сұрау салулармен жұмыс туралы хабардар ету;

18) Премьер-Министр мен оның орынбасарлары үшін тұтастай алғандағы және аймақтар бойынша Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен дамуын сипаттайтын материалдар дайындау сондай-ақ, Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша өзге де ақпараттарды;

<*>

19) Премьер-Министрдің бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланысын қамтамасыз ету;

19-1) халықаралық қатынастар мен Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшелерінің халықаралық ынтымақтастығын ұйымдастырушылық қамтамасыз ету катысу.

<*>

20) Қазақстан Республикасының заңдарын сақтау, жүйелендіру және кодтау;

21) Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын немесе оның келісімі бойынша тағайындалатын лауазымдардың тізбесіне кіретін кадрлар бойынша жұмыстар жүргізуге қатысу;

22) Премьер-Министрдің Кеңесі кадрларының оқуын ұйымдастыру;

23) Премьер-Министр мен Үкіметтің, қажет болған жағдайларда Үкіметтің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету және оларға қызмет көрсету;

24) Үкімет мүшелерінің, Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы орынбасарларының азаматтарды қабылдауының тоқсан сайынғы Кестесін дайындау, сондай-ақ Премьер-Министрдің Кеңесінде азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру;

25) азаматтар мен заңды тұлғалардың жазбаша өтініштерін қарау;

26) өзіне заңдарда жүктелген өзге де функциялар.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.02. N 345

қаулысымен.

P000345_

11. Премьер-Министр Кеңсесінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және Үкіметінің қызметін ақпараттық-талдамалық және ұйымдастыру-құқықтық қамтамасыз ету; <*>

2) Үкімет пен Премьер-Министрдің актілерін дайындау және орындау процесінде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;

3) жобаларды келісудің және Үкімет пен Премьер-Министр шешімдерінің орындалуының мерзімдеріне бақылау жасау.

4) Премьер-Министр, оның орынбасарлары және Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы үшін, олар тиісті құжаттарға қол қою не оларды келісу туралы шешім қабылдауы кезінде, ақпараттық-ұсынымдық сипаты болатын материалдарға қаржы-экономикалық және құқықтық сараптама жүргізу. <*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.02. N 345 қаулысымен. P000345_

12. Негізгі міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында Премьер-Министрдің Кеңсесі өз құзыретінің шегінде мыналарға қақылы:

1) Қазақстан Республикасының Парламентінде және оның Палаталарында Үкіметтің мүддесін білдіру;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік органдардың қарауындағы кез келген ақпараттық деректер банкін, оның ішінде құпиялыларын пайдалану;

3) Премьер-Министр Кеңсесінің қарауына жатқызылған мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен қызметтік, оның ішінде құпия хат-хабар алысу;

4) мемлекеттік органдар дайындаған заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті актілерінің, Үкімет қаулыларының және Премьер-Министр өкімдерінің жобалары бойынша сараптаманы жүзеге асыру және қорытындылар дайындау;

5) Премьер-Министрдің және оның орынбасарларының тапсырмасы бойынша Үкіметтің қаулылары мен Премьер-Министр өкімдерінің жобаларын дайындау; <*>

6) заңдарда белгіленген жағдайларда Үкіметтің қаулылары мен Премьер-Министр өкімдерінің жобаларын оларды әзірлеушілерге қайтару;

6-1) мүдделі мемлекеттік органдармен бірге нормативтік құқықтық актілердің

жобаларын келісудің бар-жоғын бақылау және ол болмаған жағдайда тиісті жобаны келісу үшін қайтару. <*>

7) Үкімет шешімдерін талап етпейтін мәселелер жөніндегі хат-хабарларды тиісті министрліктерге, агенттіктерге және өзге де мемлекеттік органдарға жолдау және қайтару; <*>

8) мемлекеттік органдардың Мемлекет басшысы, Үкімет және Премьер-Министр актілерінің жобалары жөніндегі, сондай-ақ қабылданған нормативтік құқықтық актілердің атқарылуы мәселелері жөніндегі келіспеушіліктерін қарау бойынша кеңестер шақыру;

8-1) Премьер-Министр Кеңсесінің нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ескертпелерін жою мақсатында кеңестер өткізген жағдайларда оларға мемлекеттік органдардың вице-министрлерден (агенттіктер төрағаларының орынбасарларынан) төмен емес қызмет атқаратын лауазымды тұлғаларын шақыру. <*>

9) әзірлеуші сараптамалар жүргізу барысында айтылған ескертпелерді жоюға келіскен жағдайларда мемлекеттік органдармен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеушілермен бірлесіп жұмыс тәртібімен Үкіметтің қаулылары мен Премьер-Министр өкімдерінің жобаларын пысықтау; <*>

10) Президенттің, Үкіметтің, Премьер-Министрдің, оның орынбасарларының және Премьер-Министрдің Кеңсесі Басшысының актілері мен тапсырмаларының атқарылуына тексеру жүргізуді ұйымдастыру мен оған қатысу және олардың атқарылу мерзімдерін бақылауды жүзеге асыру. <*>

11) мемлекеттік органдарда іс қағаздарын жүргізу, оның ішінде қорғаныштық құралдарды пайдалану талаптарының орындалуы бойынша тексерулер жүргізу;

12) Үкімет мүшелерінің атына келіп түскен депутаттық сауалдарға жауап берудің мерзімдерін бақылауды жүзеге асыру. <*>

13) Үкіметтің, Премьер-Министр мен оның орынбасарлары тапсырмаларының атқарылмағаны немесе тиісті емес түрде атқарылғаны үшін министрліктердің, агенттіктердің және ведомстволардың басшыларын жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізу;

14) мемлекеттік органдар алқаларының мәжілістеріне қатысу;

14-1) қаралатын мәселелер бойынша түсіндірулер үшін мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың лауазымды тұлғаларын шақыру. <*>

15) отандық және шетелдік ұйымдарға елдің экономикасын реформалау мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу тақырыптары мен ақпараттық-талдау сипатындағы жұмыстарды әзірлеуге осы мақсаттарға көзделген қаржы қаражатының шегінде тапсырыстар беру;

16) отандық және шетелдік сарапшылар мен консультанттардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметіне қатысты мәселелер бойынша қызмет

көрсетулерін белгіленген тәртіппен пайдалану;

17) заңдарға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.02. N 345
қаулысымен. P000345_

13. Премьер-Министр Кеңсесінің жауапты қызметкерлері Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік кеңесші органдардың жұмысына, сондай-ақ тиісінше Үкіметтің және Премьер-Министрдің шешімдері бойынша құрылатын комиссиялар мен жұмыс топтарына қатыса алады.

14. Премьер-Министр Кеңсесінің мемлекеттік органдардың қажетті

материалдар, мәліметтер беруі жөніндегі, сондай-ақ Үкімет пен Премьер-Министр шешімдерінің жобаларын пысықтау жөніндегі талаптары тапсырмада басқа атқару мерзімдері көрсетілмеген болса, заңдарда белгіленген мерзімдерде орындалуға тиіс.

14-1. Премьер-Министр Кеңсесінің өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімі мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың атқаруы үшін міндетті.

<*>

ЕСКЕРТУ. Жаңа 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.02.
N 345 қаулысымен.

P000345_

3. Премьер-Министр Кеңсесінің мүлкі

15. Премьер-Министр Кеңсесінің жедел басқару құқығында оқшау мүлкі болады.

Премьер-Министр Кеңсесінің мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Премьер-Министр Кеңсесінің балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

16. Премьер-Министрдің Кеңсесіне бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

17. Премьер-Министр Кеңсесінің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен алуға немесе оған өзге тәсілмен билік жүргізуге құқығы жоқ.

Премьер-Министрдің Кеңсесіне мүлікке билік жасау құқығы берілген

жағдайда ол мүлікке заңдарда белгіленген жағдайлар мен шекте билік жасайды.

4. Премьер-Министр Кеңсесінің қызметін ұйымдастыру

18. Премьер-Министрдің Кеңсесін Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы басқарады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі Премьер-Министр Кеңсесінің мына қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады:

- 1) Кеңсе Басшысының орынбасарлары;
- 2) құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері;
- 3) Премьер-Министрдің көмекшілері мен кеңесшілері;
- 4) құрылымдық бөлімше жетекшілерінің орынбасарлары;
- 5) бас инспекторлары.

<*>

Премьер-Министр Кеңсесінің басқа қызметкерлерін Кеңсенің Басшысы заңдарға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақтың екінші абзацы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.11.06. N 1667 қаулысымен. P991667_

19. Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы Премьер-Министр Кеңсесінің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Премьер-Министрдің Кеңсесіне жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

20. Осы мақсатта Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы:

1) өз орынбасарларының және Премьер-Министр Кеңсесінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) <*>

2) заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын адамдарды қоспағанда, Премьер-Министр Кеңсесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. <*>

3) заңдарда белгіленген тәртіппен және өз құзыретінің шегінде

Премьер-Министр Кеңсесінің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

<*>

4) бұйрықтар шығарады;

5) Премьер-Министр Кеңсесінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді олардың арасындағы мемлекеттік органдар енгізетін мәселелерді қарау жөніндегі функционалдық міндеттерді нақты бөле отырып;

<*>

5-1) құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылын үйлестіреді.

<*>

6) Премьер-Министрдің Кеңсесін мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда білдіреді;

7) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 20-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.11.06. N 1667 қаулысымен.

P991667_

ЕСКЕРТУ. Жаңа 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.02. N 345 қаулысымен.

P000345_

5. Премьер-Министрдің Кеңсесін қайта ұйымдастыру және тарату

21. Премьер-Министрдің Кеңсесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 20 мамырдағы
N 592 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің
Құрылымы

Басшылық
Үкіметтік ақпарат бөлімі

<*>

Премьер-Министрдің Хатшылығы
Премьер-Министрдің Баспасөз қызметі
Үкіметтің Парламенттегі Өкілдігі
Экономикалық бөлім
Өндірістік сала бөлімі
Заң бөлімі
Ақпараттық-талдау бөлімі
Аймақтық даму және кадр бөлімі
Сыртқы экономикалық байланыстар және хаттама бөлімі
Бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі
Қаржы-шаруашылық бөлімі
Қазақстан Республикасы Министрінің - Қазақстан
Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері
жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының Хатшылығы
ЕСКЕРТУ. Құрылым өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.09. N 1353
қаулысымен.
P991353_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 20 мамырдағы
N 592 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің
қарауындағы ұйымдардың
Тізбесі

1. "Қазарнаулыэкспорт (Қазспецэкспорт)" республикалық мемлекеттік
кәсіпорны.

<*>

ЕСКЕРТУ. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.02. N 345
қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 20 мамырдағы
N 592 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің
Тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 қарашадағы N 1449 P971449_ қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 желтоқсандағы N 1732 P971732_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, N 53, 484-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің штат санының лимитін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 ақпандағы N 87 қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 желтоқсандағы N 1732 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 7 сәуірдегі N 295 P980295_ қаулысы.

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК